№37
(8033)
10 қыркүйек
Сейсенбі,
2024 жыл
uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

# СЕГІЗ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

## НЕГЕ КЕШЕУІЛДЕП ЖАТЫР?

**ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ 210 ҮЙГЕ ЗАҚЫМ КЕЛДІ.**
**ҚАЗІРГІ ТАҢДА, 18 БАСПАНАҒА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАСАЛЫП, 66 ОТБАСЫ ЕКІНШІ НАРЫҚТАН ӨЗ ҚАЛАУЛАРЫМЕН ҮЙЛЕР САТЫП АЛДЫ. СОНЫМЕН ҚОСА, 38 ҚАРАТАЛДЫҚ ОЙЫЛ АУДАНЫ ОРТАЛЫҒЫНАН САЛЫНҒАН ЖАҢА ҚОНЫСҚА ҚОНЫСТАНДЫ. ҚАРАТАЛДЫҢ БАСЫНАН БОЙ КӨТЕРІП ЖАТҚАН 126 ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ ЗАРДАП ШЕККЕН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛДЫ.**



Партияның назарын аудартқан құрылысы басталып, аяқсыз қалдырып кеткен 8 үйдің мәселесі болды.
«Күріштің арқасында күрмек су» ішедінің керін келтіріп, тасқын зардабынан онсыз да зәрезап болған тұрғындардың назасынан қорықпайтын «Jasa Company» секілді жосықсыз мердігерлер өз міндеттерін орындай алмай, ақыры тастай қашса, «Әлия жолдары» ЖШС-і жұмыстарын маңдыта алмай отыр.
Бұл келеңсіздік заңдылық тұрғысынан өз бағасын алар! Ал, күз иек артқанда қабырғасы қалқиып, жабусыз қалған үйлердің иелері қайда паналамақ!?
Осы шиеленісті мәселені дереу шешуді облыс басшылығы уақыт оздырмай өз бақылауына алды.
Қазіргі таңда, аяқсыз қалған 8 үйдің құрылысы қолға алынып, қайта жандана бастаған. Әйткенмен, сапа жағы сын көтермей тұр. Бақылау барысында анықталғандай, кей үйлердің қабырғаларына қаланған кірпіштер қисық өріліп, енді бірінің төбе жабындысы дұрыс салынбаған.
Аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың айтуы бойынша салынып жатқан 80 баспананың құрылысы аяқталып, қыркүйек айының 15-не иелеріне табысталмақ. Ал, құрылысы кешеуілдеп қалған 8 үй сәл кешігіңкіреп берілмек.
Бұдан кейін комиссия мүшелері күрделі жөндеуден өтіп жатқан мектептің құрылыс жұмыстары барысын барып көрді. Су тасқынынан едәуір зардап шеккен білім ошағының жөндеу жұмысын «АктобеСтройЭксперт» ЖШС мердігер компаниясы қолға алған. Күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзімі 2024 жылдың 1 қарашасы деп көрсетілген.
Бұл жерде проблема жаңа оқу жылының басталуына орай мектептің жөндеу жұмыстарының толық бітпей қалуы болып отыр. Алайда, сабақтың кедергісіз басталуы үшін сынып бөлмелері дайындалып, жаңадан мектеп жабдықтары, заманауи құрылғылар, әр сыныпқа орналастыру үшін интерактивтік тақталар,т.б. әкелініп қойылды. Мердігер компания қалған жұмысты оқу процесіне кедергі келтірмей атқара бермек.
Осы жерде қараталдықтардың да пікірі екіге жарылды. Тұрғындардың басым көпшілігі балаларының қауіпсіздігін ойлап сабақты онлайн өткізуді талап етсе, енді бірі мектеп қабырғасында білім алғандарын қалады. Олай етпек үшін қалада уақытша тума-туыстарының үйлерінде жатқан балаларды алдырған күнде, түнде суып кететін, айналымға келмейтін «киіз үйдің» ішінде олардың жағдайлары не болмақ деп күйінді.
Осы орайда облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Артур Әуезов пен Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысы Светлана Қарабалина балалардың білім алуы үшін мүмкіндігінше барлық жағдайдың жасалатындығын айтып, облыс орталығында туыстарының үйілерінде тұрып жатқан балалар үшін мектептің құрылыс жұмыстары толық аяқталғанша қала мектептерінен білім ала тұруға жағдай туғызылатындығын жеткізді.
Қайткен күнде де суыққа ұрындырмай жоғарыда айтылған кемшіліктерді тез арада жоя отырып, проблемалық мәселелердің шешімін табу үшін аудан басшылығы нақты шаралар қабылдау қажет. Нәтижелі істерге қол жеткізу үшін ең бірінші ауызбіршілік, екінші жауапкершілікті күшейту керек!

**Еркін ЖИЕНАЛИН.**
**«АМАNАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы.**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

**2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10 тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**
1. 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін.
2. Республикалық референдумға: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауал шығарылсын.
3. Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Қ.Тоқаев**
*Астана, Ақорда, 2024 жылғы 2 қыркүйек № 636*

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР - ҚОҒАМ АЙНАСЫ

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ БАРЫСЫНДА ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРУЫ ҚАЖЕТ.**



Мемлекеттік қызметкердің өз ісіне немқұрайлы қарауы және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді тиісті деңгейде орындамауы мемлекет атынан тапсырылған сенімді ақтамауы болып табылады.
Сонымен қатар мемлекеттік қызметкер өз құзыреті бойынша жіберілген қателіктерден сабақ алып, алдағы уақытта қызмет алушыға тиісті заңдар мен ережелердің тәртіптері бойынша бағдарланып, жіберілген қателіктердің орнын толтырып халыққа адал қызмет етуі тиіс.
Себебі мемлекеттік қызметкердің өз құзыреті бойынша жұмыстарды тиісті деңгейде орындамауы қарапайым халықтың әл-ауқатының кейін құлдырауына әкеп соғатыны баршамызға мәлім.
Мемлекеттік қызметкер халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоюы керек, жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс және де мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде, әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға және басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс.
Сонымен қатар мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері орын алған жағдайда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік орган басшы және қол астындағы қызметкер барлық тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңдық мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.
Сонымен қатар азаматтар мен әріптестерімен қарым қатынас жасау кезінде сыпайылық және әдептілік танытып мемлекеттік қызметте қарым-қатынастың жоғары болуына атсалысуы керек. Барлық мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексі нормаларының талаптарын қатаң сақтап, мемлекеттің бет-бейнесі оның табысты жұмыс істеуінің кепілі екенін әрдайым есте ұстау қажет.

**Ж. МАЙЖАНОВ,**
**Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.**

# ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІН АЙҚЫНДАДЫ. «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – БҰЛ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМДІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.**



Президент барлық мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі тиіс басымдықтарды нақты белгіледі. Ең алдымен, бұл заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету, бұл мемлекеттің одан әрі дамуының негізі. Заңдылық пен әділеттілік әрбір азамат өзін қорғалған және ертеңгі күнге сенімді сезінуі үшін бірінші орында болуы тиіс.
Экономикалық өсімге баса назар аудару да маңызды. Қазіргі жағдайда экономиканың тұрақты және орнықты дамуы – қоғамымыздың әл-ауқатының кепілі. Мемлекет басшысы бизнесті қолдау, инвестицияларды ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша негізгі шараларды атап өтті. Бұл бастамалар біздің өңірімізді қоса алғанда, барлық өңір үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.
Атом электр стансасын салу бойынша референдум өткізуді тағайындау мен аудандар мен облыс орталықтарының әкімдерін толық сайлауға көшу туралы шешімдер ең резонансты болған сияқты. Қасым-Жомарт Кемелұлы референдум туралы айта келе, мәселе «Естуші мемлекет» қағидатын іс жүзінде жүзеге асыру туралы болып отырғанын атап өтті.
Жолдауда қоғамдық оптимизм мен тұтастықтың маңыздылығына ерекше көңіл бөлінген. Президент әлеуметтік қолдауды нығайту және барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті. Бұл қадамдар тек көмекке мұқтаж жандарды ғана қолдап қоймай, әрбір адамның әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.
Біздің міндетіміз – өңірде құқықтық тәртіпті, тұрақты экономикалық дамуды және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Бірлесе отырып, біз әрбір азамат өзін қорғалған, болашағына сенімді сезінетін әділетті Қазақстанды құра аламыз деп сенемін.

**Жасұлан ЕРЖАНОВ,**
**«Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры.**

# ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ҮШІН БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫНДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫҢ ІШІНДЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ДЕ БАР. ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ ДЕ КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЛАТЫН ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚОЛДАУ ТАБАТЫН СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА – БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ.**



Бұқара дегеніміздің өзі – халық. Ал бұқаралық спорт – халықты дене шынықтыру, түрлі жаттығуға тарту дегенді білдіреді.
Әуесқой спорт түрі спорттың бір түрімен шұғылданып, жеңіл және ауыр жаттығулар өткізіп, спорттық дәрежеге қол жеткізген адамды айтамыз. Олар әлемдік аренада өнер көрсетіп, әлем, Олимпиада ойындарында жүлдеге қол жеткізгендер. Дене шынықтырумен кез келген адам айналысуы керек.
Аудан спортына келетін болсақ, аудан орталығында 392,619 млн. теңгеге (РБ-353,891 млн.т; ОБ-24,728 млн.т, АБ-14,0 млн.т) дене шынықтыру - сауықтыру кешені және Қаратал ауылына спорт зал құрылысына «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы бойынша 225,615 млн.теңге, облыстық бюджеттен 37,052 млн. теңге қаражат бөлініп ауыл тұрғындары, жастар, оқушылардың спортқа деген қызығушылығы, ауылдық жерлерде спорттың дамуына қолдау көрсетілуде. Ауылдық округтер мен елді мекендерде шағын футбол алаңдары орнатылды.
Көрсеткішке қарасақ, спортқа келушілердің қатары көңіл көншітеді.
Қазіргі таңда ауданның жастары жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Жекпе-жектен екі дүркін әлем чемионы Ұлан Мұқашев, самбо күресінен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Бекзат Мұханбетов, гір спортынан әлем чемпионатының күміс, қола жүлдегері Айтқали Балтабаев, волейболдан Асылхан Ізбергенұлы Ұлттық лига «Ақтөбе» волейбол клубының мүшесі, 21 жасқа дейінгі ҚР жоғарғы лигасының чемпионы, чемпионаттың үздік ойыншысы, 20 жасқа дейінгі Қазақстан ұлттық құрамасының капитаны, әлем чемпионатына жолдама иегері. Аудан жастар құрама командасы облыстық волейбол жарысының 4 дүркін жеңімпаздары.
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында жастарымыздың дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айырықша деп атап өтті.

**Бақберген МҰХАМБЕТҚАЛИ,**
**Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі.**

РЕФЕРЕНДУМ-2024

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 636 Жарлығына,«2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2024 жылғы 3 қыркүйектегі № 38/42 қаулысына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясы аудандық аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамдарын, орналасқан жері мен жұмыс уақытын хабарлайды.

**Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясы**
**Орналасқан жері:** Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 үй,
315 бөлме, тел. 8 (71332) 2-16-10
**Комиссия төрағасы** – Бисекенов Берік Төлеуұлы
**Төрағаның орынбасары** – Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы
**Хатшысы** – Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы

**Комиссия мүшелері:**
Қартбаев Серік Сағынұлы
Маханова Самал Асқарқызы
Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы
Сәттібаев Қонақбай Кәримоллаұлы
**Аумақтық референдум комиссияның жұмыс уақыты:** Күн сайын сағат 09.00-18.00,
түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

**№ 389 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68 «Ойыл аудандық мәдениет үйі»КММ ғимараты телефон,(871332) 2-18-99
Комиссия төрағасы- Ерменова Райхан Есенқызы
Төрағаның орынбасары - Нұржанов Сансызбай Құмарұлы
Хатшысы- Тереғалиев Наурызбай Базарғалиұлы
**Комиссия мүшелері**
Айдашев Абат Жаугашарұлы
Ақбанова Ботакөз Қуатқызы

**№ 390 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ойыл ауылы И.Құрманов көшесі 86 «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі»КММ ғимараты,телефон (871332) 2-17-30
Комиссия төрағасы- Досымбаева Мира Бауыржанқызы
Төрағаның орынбасары - Сағынғалиев Рүстем Темірұлы
Хатшысы- Алдабергенова Нұргүл Бисембіқызы
**Комиссия мүшелері**
Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы
Мерғалиева Зайда Сәдуқызы

**№ 391 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Ш.Жарылғасұлы көшесі 36 «Шұғыла»мәдениет және демалыс орталығы» КММ ғимараты, телефон (871332) 2-20-14
Комиссия төрағасы- Сейталина Мейрамгүл Қайырбекқызы
Төрағаның орынбасары - Байбарақова Айнаш Аманжолқызы
Хатшысы- Нұрманова Диана
**Комиссия мүшелері**
Сабыржанов Ильгиз Мағданұлы
Шотпанова Гаухар Ардаққызы

**№ 392 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Аманкелді көшесі 2 «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты,телефон (871332) 2-16-52
Комиссия төрағасы- Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы
Төрағаның орынбасары - Елекбаева Дархан Саматқызы
Хатшысы-Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы
**Комиссия мүшелері**
Жантекова Бағдат Айтқалиқызы
Бүркітов Жолдас Жәрдемұлы

**№ 568 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ойыл ауылы Ы.Алтынсарин көшесі 19 «Ойыл аудандық дене шынықтыру және спорт кешені» КММ ғимараты, телефон (871332)72-00-9
Комиссия төрағасы- Әлжанов Мұрат Шынғысұлы
Төрағаның орынбасары -Елекбаева Раушан Саматқызы
Хатшысы-Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы
**Комиссия мүшелері**
Рүстемова Айнагүл Есенғосқызы
Мусин Алмат Жалғасұлы

**№ 394 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қаракемер ауылы Достық көшесі 3 Қаракемер ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-2-00
Комиссия төрағасы- Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы
Төрағаның орынбасары -Исмагулов Амангелді Базартайұлы
Хатшысы-Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы
**Комиссия мүшелері**
Азан Анар Есімқызы
Тарғынов Қанжар Тарғынұлы

**№ 395 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ақшатау ауылы Ақкөл көшесі 1а «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)72-0-81
Комиссия төрағасы- Айжарықов Қоныс Боранбайұлы
Төрағаның орынбасары -Тынысбаев Марат Елемесұлы
Хатшысы-Төребекова Алмагүл Бекділдақызы
**Комиссия мүшелері**
Құрманғалиев Мейрамбек Әлімжанұлы
Төлеуішева Гүлжамал Елубайқызы

**№ 396 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Құмжарған ауылы Республика көшесі 23,Құмжарған ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-2-49
Комиссия төрағасы- Қойайдаров Сағындық Темірұлы
Төрағаның орынбасары - Мамбет Қанат
Хатшысы-Акетенова Шынар Бауыржанқызы
**Комиссия мүшелері**
Әбішев Бауыржан Шынғұлы
Байманова Ләззат Ғұмарқызы

**№ 397 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қаратал ауылы Ж.Жүсібалиев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон (871332)73-0-92
Комиссия төрағасы- Сүлейменова Жандай
Төрағаның орынбасары - Әділов Нұрлан Байтүркеұлы
Хатшысы- Мусина Бекзат Қиялбайқызы
**Комиссия мүшелері**
Мырзағұлов Нұрлыбек Махамбетұлы
Қодасбаев Шектібай Құсанұлы

**№ 398 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қарасу ауылы А.Жұбанов көшесі 5,»Құрманов бастауыш мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)73-2-28
Комиссия төрағасы- Сағатов Болат Сағынұлы
Төрағаның орынбасары -Жиенбеков Әлібек Үмбетұлы
Хатшысы- Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы
**Комиссия мүшелері**
Мамбетова Айнұр Бақытқалиқызы
Молдағұлов Сансызбай Әубәкірұлы

**№ 399 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Амангелді ауылы, Астана көшесі 16,Амангелді ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-90
Комиссия төрағасы-Артықбаев Дастан Берекетұлы
Төрағаның орынбасары -Төлепбергенов Алтынбек Серікұлы
Хатшысы-Сидақова Жакен Сақышқызы
**Комиссия мүшелері**
Әбдіғалиева Дидар Сағынқызы
Дүйсенова Айзада Смағұлқызы

**№ 400 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қарасу ауылы,Алашорда көшесі 7,Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-89
Комиссия төрағасы-Мұқышов Бекет Қаламғалиұлы
Төрағаның орынбасары -Нұртаев Дәулет Аманжолұлы
Хатшысы-Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы
**Комиссия мүшелері**
Ермек Меңтай Русланқызы
Асылбаев Асылан Базарбайұлы

**№ 401 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Көптоғай ауылы,Қазақстан көшесі 18,Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-5-11
Комиссия төрағасы- Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы
Төрағаның орынбасары - Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы
Хатшысы- Бисенқұл Айсұлу Жұмабайқызы
**Комиссия мүшелері**
Мұқанов Лұқман Кәдірұлы
Таңатарова Ардақ Серікқызы

**№ 569 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Көптоғай ауылы,Мектеп көшесі 4,«Құрман орта мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)74-5-44
Комиссия төрағасы- Өмірғалиев Әлібек Исағалиұлы
Төрағаның орынбасары - Калдығұлова Эльмира Сағынқызы
Хатшысы- Шоқпарова Алтынгүл Қайратқызы
**Комиссия мүшелері**
Қожадиясова Арайлым Ғаниқызы
Құрманов Қанат Тайбекұлы

**№ 402 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Шұбарши ауылы,Желтоқсан көшесі 19,Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)73-4-93
Комиссия төрағасы- Тайбурин Қази Әлімұлы
Төрағаның орынбасары - Ахметов Орынғали Сабырұлы
Хатшысы- Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы
**Комиссия мүшелері**
Мұхамбетова Жанаргүл Даукенқызы
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы

**№ 404 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Сарбие ауылы Жастар көшесі 13,Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)35-2-50
Комиссия төрағасы- Дәуленова Гүлбарам Аманжолқызы
Төрағаның орынбасары - Қабижанов Дәуренбек Қонақбайұлы
Хатшысы- Сапарова Ұлпан Сапарқызы
**Комиссия мүшелері**
Сисенова Әлия Аяғанқызы
Қамиева Ақмарал Өтегенқызы

**№ 405 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі»КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-16
Комиссия төрағасы- Нұржанова Құндызай Құмарқызы
Төрағаның орынбасары - Динуллин Еділ Аралбайұлы
Хатшысы- Батырханқызы Анар
**Комиссия мүшелері**
Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы
Түймешова Эльмира Мұхамбетқызы

**№ 406 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Қараой ауылы,Еңбеккерлер көшесі 2,Қараой ауылдық клубы ғимараты,телефон (871332)73-6-01
Комиссия төрағасы- Исмагулов Амангелді Сапартілеуұлы
Төрағаның орынбасары - Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы
Хатшысы-Қалиева Перизат Жалғасбайқызы
**Комиссия мүшелері**
Серік Жібек Серікқызы
Болатова Данагүл Қамбарқызы

**№ 407 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Құбасай ауылы,Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)74-0-01
Комиссия төрағасы- Әміржанов Құрбанбай Жолмырзаұлы
Төрағаның орынбасары - Есқайыров Әзілхан Жолдығалиұлы
Хатшысы- Тілекбаева Заманай Халелқызы
**Комиссия мүшелері**
Бисенқұлова Айсәуле Сатыбалдықызы
Құбашева Гүлденай Бекболатқызы

**№ 408 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Саралжын ауылы,Бейбітшілік көшесі 15,Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-45
Комиссия төрағасы- Қилашева Қоңыршаш Жұмабайқызы
Төрағаның орынбасары - Аманғалиқызы Асылай
Хатшысы- Қожантаева Жанат Абибуллақызы
**Комиссия мүшелері**
Бөрекеш Нұршат Жұматұлы
Жұбанов Рүстем Маратұлы

**№ 409 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Шиқұдық ауылы,Қ.Рысқұлбеков көшесі 18,Шиқұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-1-43
Комиссия төрағасы- Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы
Төрағаның орынбасары - Бейісова Айгүл Ескендірқызы
Хатшысы- Сисенғалиев Аманбек Орынбасарұлы
**Комиссия мүшелері**
Сейтмағұлов Еркін Жекенұлы
Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы

**№ 410 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Бестамақ ауылы,Тайсойған көшесі 6,Тайсойған ауылдық клубы ғимараты,телефон (871332)74-2-71
Комиссия төрағасы- Бисенов Балтабай Сырлыбайұлы
Төрағаның орынбасары -Нижанов Асылбек Жұмаұлы
Хатшысы- Жиеналина Бағдагүл Кенжебайқызы
**Комиссия мүшелері**
Бержекенов Ерболат Нұрбергенұлы
Қалашева Бижамал Қалашқызы

**№ 411 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Аққемер ауылы,Жеткіншек көшесі 9,Аққемер ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-0-82
Комиссия төрағасы- Әбілғазин Қалыбек Майлықұлы
Төрағаның орынбасары - Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы
Хатшысы- Есенова Алтынгүл Бөгетбайқызы
**Комиссия мүшелері**
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы
Алдабергенұлы Әлібек

**№ 412 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Ақжар ауылы,Мектеп көшесі 4,Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон (871332)74-8-14
Комиссия төрағасы- Ақбисенова Алтынзер Забихоллақызы
Төрағаның орынбасары - Мұханбетов Серік Қойшыбекұлы
Хатшысы- Тілектесова Аягөз Әсетқызы
**Комиссия мүшелері**
Жаманқұлов Бактығали Айтқалиұлы
Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы

**№ 413 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
Орналасқан жері: Көсембай ауылы,Орталық көшесі 10,Көсембай ауылдық клубы ғимараты,телефон (871332)74-1-42
Комиссия төрағасы- Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы
Төрағаның орынбасары - Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы
Хатшысы- Штүенова Лунара Маратқызы
**Комиссия мүшелері**
Имаганбетова Калия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

**Учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты:**
16 қыркүйектен бастап сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ
## ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

**№ 389 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
*Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты.*

Референдум учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманғазин Бейсұлла көшесі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87; Көкжар көшесі 31, 32А, 38, 39, 40, 41, 44, 45, 48, 53, 54, 55, 57, 64; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 1/1, ½, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30; Дәуленов Сәлкен көшесі 1, 3, 4, 6, 7, 9, 9А, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 25, 27, 29, 33; Екібаев Амантұрлы көшесі 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52; Берсиев Шығанақ, Жолмырзаев Байсалбай көшелері.

**№ 390 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
*Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Референдум учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58/1, 58/2, 59/1, 59/2, 60/1, 60/2, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 62/3, 63/1, 63/2, 64, 65, 66, 67, 68, 69/1, 69/2, 71, 73, 74,75, 76, 78А, 80, 82, 84/1, 84/2, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 31, 32, 33, 35, 36, 36А, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2; Аманкелді Иманов көшесі 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13А, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Дәуленов Сәлкен көшесі 24/1, 24/2, 26, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2; Ержанов Қуаныш көшесі 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 33; Еркінов Шүкір көшесі 1, 2А, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 9А, 9Б, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13А, 15/1, 15/2, 15/3, 17/1, 17/2.

**№ 391 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64; Құрманғазин Бейсұлла көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16; Көкжар көшесі 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 25, 26, 28, 29, 30; Құрманов Исламғали көшесі 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 23, 24; Екібаев Амантұрлы көшесі 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32; Масатов Сауытбай, Қарақұлов Ишанбай, Оноприенко Николай, Дүсіпов Үмбет, Төлебаев Мұса, Қлипанов Отар көшелері.

**№ 392 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Аманкелді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының

білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105А, 105Б, 106, 107, 107Б, 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125А, 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 135, 137, 139, 145, 147; Көкжар көшесі 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 124, 125, 126; Абай Құнанбаев көшесі 1/1, ½, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19; Аманкелді Иманов көшесі 1/1, ½, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9; Ержанов Қуаныш көшесі 1, 2, 3, 5, 7, 9; Бақаев Бауетдин, Тапалова Нұрсұлу, Медетбаев Дауылбай, Байғанин Нұрпейіс, Молдағұлова Алия көшелері.

**№ 568 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Алтынсарин Ыбырай көшесі 19, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 77/1, 77/2, 79/1, 79/2, 81, 81А, 83, 85, 87, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108; Абай Құнанбаев көшесі 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 26, 27, 29, 31; Еркінов Шүкір көшесі 8, 8А, 10, 12, 14, 16, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 30, 31, 34, 35, 36, 37, 38, 39А, 40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59; Алтынсарин Ыбырай, Сатпаев Қаныш, Әл-Фараби, Асанқайғы жырау, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Қаңтарбаев Тұрғали, Құрманғазы Сағырбаев, Халел Досмухамедұлы, Рәбиға Сыздық көшелері.

**№ 394 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Қаракемер ауылы Достық көшесі 3, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қаракемер ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қаракемер ауылы: Бейбітшілік, Ардагерлер, Достық, Ынтымақтастық көшелері; Доброво қыстағы, Еңсеген қыстағы, Тайлақбай қыстағы.

**№ 395 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ақшатау ауылы Ақжол көшесі 1а, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Ақшатау ауылы: Жастар, Алаш, Ақжол, Әжібай би көшелері; Сарат қыстағы, Талтоғай қыстағы.

**№ 396 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Құмжарған ауылы Республика көшесі 23, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Құмжарған ауылы: Дінмұхамед Қонаев, Қ.Ержанов, Бекет ата, Астана көшелері.

**№ 397 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қаратал ауылы Ж.Жүсібалиев көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Берсиев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қаратал ауылы: Ш.Берсиев, Әбілқайыр хан, Ақтөбе, Абай, Ә.Бақаев, И.Қарағұлов, Шәкәрім, Ж.Жүсібәлиев, Республика, Бейбітшілік, З.Баймолдина, Көкжар, Тәуелсіздік, Сүлеймен әулие, Қобыланды батыр, Ә.Молдағұлова көшелері.

**№ 398 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қарасу ауылы Ахмет Жұбанов көшесі 5, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрманов бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы көшелері.

**№ 399 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Амангелді ауылы Астана көшесі 16, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Амангелді ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Амангелді ауылы: Жаңақадам, Алғабас, Ынтымақ, Бейбітшілік, Астана көшелері.

**№ 400 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Қарасу ауылы Алашорда көшесі 7, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Тамдыкөл, Мақпалкөл, Алашорда, Ойыл көшелері.

№ 401 референдум учаскесі

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көптоғай ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Ардагер, Достық, Құрман, Жеңіс, Мектеп, Наурыз, Сапы, Тәуелсіздік, Әл-Фараби, Жамбыл, Мәңгілік Ел көшелері.

**№ 569 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Мектеп көшесі 4, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Қазақстан, Абай көшелері.

**№ 402 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Шұбарши ауылы Желтоқсан көшесі 19, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Шұбарши ауылы: Ақсай, Желтоқсан, Ишанбай Қарақұлов, Шығанақ Берсиев көшелері.

**№ 404 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы Жастар көшесі 13, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапақкөл ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Сарбие ауылы: Бейбітшілік, Жекенді, Астана, Ақтөбе, Құрманғазы, Махамбет, Жастар, Әйтеке би, Ә.Молдағұлова, Желтоқсан, Жеңіс, Исатай көшелері.

**№ 405 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

**№ 406 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы.

Референдум учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Әркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

**№ 407 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшес» 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»»мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

**№ 408 РЕФЕРЕНДУМ У УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Саралжын ауылы Бейбітшілік көшесі 15, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Саралжын ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Саралжын ауылы: Ә.Дербісәлин, Алаш, Ботагөз-2, Ақтөбе, Қазақстан, И.Құрманов, Көктал, Қ.Шоланов, Таубатыр, Бейбітшілік, С.Кәрімбаева көшелері; Қоңырат ауылы: Қоңырат, Ойыл көшелері.

**№ 409 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шиқұдық ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Шиқұдық ауылы: Теректі, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

**№ 410 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі 6, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Бестамақ ауылы: Аяпберген, Тайсойған, Жасталап көшелері.

**№ 411 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Аққемер ауылы Жеткіншек көшесі 9, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Аққемер ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Аққемер ауылы: Жеткіншек, Бекет ата, Қиыл көшелері.

№ 412 референдум учаскесі

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Кеңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

**№ 413 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

Референдум учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.

Референдум учаскесінің шекаралары: Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.

**Ойыл ауданының әкімі: А.Қ.Қазыбаев**

## ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

| № | Елді мекеннің атауы | Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар |
|---|---|---|
| 1 | Ойыл ауылы | Желтоқсан көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында) |
| | | Көкжар көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында) |
| 2 | Ақшатау ауылы | Ақжол көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ақшатау орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 3 | Қаракемер ауылы | Ынтымақтастық көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қаракемер мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 4 | Екпетал ауылы | Жасылел көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Екпетал мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 5 | Саралжын ауылы | Ботагөз-2 көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында) |
| 6 | Бестамақ ауылы | Аяпберген көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Тайсойған негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 7 | Қаратал ауылы | Ж.Жүсібәлиев көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ш.Берсиев атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 8 | Қарасу ауылы | Ахмет Жұбанов көшесі(“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Қарасу медициналық пункті ғимаратының сол жағында ) |
| 9 | Құмжарған ауылы | Бекет ата көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында) |
| 10 | Қараой ауылы | Еңбеккерлер көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында) |
| 11 | Құбасай ауылы | Қызылқорған көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құбасай бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында) |
| 12 | Сарбие ауылы | Жастар көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 13 | Қаракөл ауылы | Абай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қаракөл бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы) |
| 14 | Көптоғай ауылы | Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құрман орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 15 | Амангелді ауылы | Бейбітшілік көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Амангелді орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 16 | Қарасу ауылы | Алашорда көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қарасу негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 17 | Шұбарши ауылы | Ақсай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 18 | Ақжар ауылы | Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Саға мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында) |
| 19 | Көсембай ауылы | Орталық көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының оң жағында) |

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1186
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

## ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Өткен аптада Ойыл ауданы мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракция отырысы болып өтті.

Фракция отырысының күн тәртібіне сәйкес «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының Ойыл ауданында жүзеге асырылу барысы туралы аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың есебі және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру және халық арасында насихаттау туралы партия филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин Жолдаудың экономикалық бағытына тоқталып өтсе, депутаттық фракция жетекшісі Жангүл Ізғаринаның баяндамасы тыңдалды.

Сондай-ақ халыққа қоғамдық негізде депутаттық міндеттерін атқарып жүрген жастар марапатталды.

Төтенше жағдай кезінде Халыққа қалтқысыз қызмет еткен жас депутаттар Дастан Аманғосұлы, Өркен Ақеділов, Сайран Саматұлы облыстық жастар басқармасының басшысы Мирхан Ермағанбетовтың алғыс хатымен марапатталды.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі Жолдауда берілген басым бағыттарды орындауға жұмыла кірісіп, сапалы әрі нәтижелі жұмыс атқаруға шақырды.

## АНА ТІЛІМ – АРДАҚТЫМ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ - ЕЛДІҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ӘРАЛУАНДЫҒЫН АРДАҚТАУ МЕН НЫҒАЙТУҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ МЕЙРАМ. МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ ЖЫЛ САЙЫН 5 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АТАП ӨТІЛЕДІ.**



Осы орайда Қазақстан халқы тілдерінің мерекесіне орай коворкинг орталықта «Ана тілім-ардақтым» атты салтанатты шара өтті. Шарада аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев көпшілікті мерекемен құттықтады.

5 қыркүйек - Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл жанашыры» номинациясымен Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері Г.Жарбакиева, Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің жетекші маманы А. Кереева, Ойыл қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Бақытжанова, Ойыл аудандық сотының судьясы А.Төремұратова және Саралжын ауылдық округі аппаратының бас маманы А.Аманғалиқызы аудан әкімі А.Қазыбаевтың алғыс хатымен марапатталып, естелік сыйлықтары табысталды.

Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай ұйымдастырылған «Тілі бірдің тірлігі бір» атты аудандық эссе жазу байқауының жүлдегерлері I орын М.Тәттіғалиева, II орын А.Серікбаева, III орын Ш.Орынбасар марапатталып, сыйлықтар табыс етілді.

Сонымен қатар кеш соңында қазақ тілі білімінің абыз анасы, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, жерлесіміз Рәбиға Сыздықованың туғанына 100 жыл толуына орай көрме құрылып, кітапхана қызметкерлері таныстырып өтті.

**Г.АБАЙҚЫЗЫ.**

## ЖОСПАРЛЫ ЖИЫН – БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Ақтөбе облысы бойынша департаментінің негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызметшілердің заңнама талаптары мен Әдеп кодексі нормаларының сақталуына бақылау жасау және олардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады.

Осы тұста, Агенттік Төрағасымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге бағытталған Қадамдық жоспары» аясында өңіріміздегі барлық мемлекеттік органдардағы персоналды басқару (кард қызметі) қызметшілерінің қатысуымен кездесу өткізілді.

Ұйымдастырылған шараға 43 мемлекеттік органның қызметшілері қатысты. Күн тәртібінде «Мемлекеттік орган басшылығын лауазымға тағайындау барысында біліктілік талаптарына сәйкестігі» мәселесі қаралды. Бүгінде өңірімізде мемлекеттік қызметшілердің 4070 штат саны бар болса, оның ішінде, 961-і басшылық лауазымдағы санаттар.

Кездесуде аталған сандағы басшылық лауазымдардың біліктілік талаптарына сәйкестігі қойылатын заңнама нормаларын сақтауы қажеттігі туралы айтылып, бұзушылықтарға жол бермеу қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар жиын барысында мемлекеттік органдардағы тәртіптік комиссияның жұмысының нәтижесі қаралды. Ағымдағы жылдың жарты жылдығында мемлекеттік органдарда тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың саны 335 адамды құрады. Бұл, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар көрсеткіші 8,8%-ға төмендегендігі байқалады.

Сонымен бірге, күн тәртібінің келесі мәселесінің бірі «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің қызметі туралы болды. Аталған ақпараттық жүйе барлық мемлекеттік органдарда жұмыс жасайды онда қызметшілердің мемлекеттік қызметке келіп түсуінен бастап, оны өткеру және мемлекеттік қызметтен шығуға дейінгі жинақталған барлық мәліметтер сақталады. Осы ретте, аталған жүйенің тиімді жұмыс жасауы үшін мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілер туралы ақпаратты уақытылы жаңартып отыруы қажеттігі жеткізілді.

Сондай-ақ, жиында мемлекеттік органдардағы қызметтік автокөліктердің мақсатты пайдалануына жүргізілген талдаудың қорытындысы қаралды. Осы тұста, мемлекеттік қызметшілерге жағымсыз ақпаратты болдырмау бойынша белгіленген заңнама талаптарын сақтау қажеттігі аталып өтті.

Кездесу соңында бұзушылыққа жол берген бірқатар мемлекеттік органдарға тиісті ұсыныстар енгізілді.

**Д. УБАЙДУЛЛИН,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.**

## АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Адамның папилломасы вирусына жеке вирус емес, олардың түгелдей тобы жатады. Бұл вирустың 200-ден астам штаммы бар екенін ескеру маңызды. Сондықтан адам папилломасы вирусының штаммдары неше түрлі сүйелдер түрінде терінің және шырышты қабаттардың әртүрлі зақымдануын тудыруы мүмкін, сондай-ақ инфекция нәтижесінде дамитын жалпақ және сүйрік сүйелдері терінің әртүрлі жерлерінде, аногенитальды аймақта, ауыз қуысында, бронхтарда және жоғарғы тыныс жолдарында, тік ішекте және т. б., пайда болады, сондай-ақ осы вирустың кейбір штамдары қатерлі ісік ауруын тудырады, бұл уақыт мәселесі (осындай 40 түрі белгілі). АПВ адамнан адамға тұрмыстық байланыс арқылы беріледі, бұл басқа адамдардың гигиеналық заттарын пайдалану, жеке гигиенаны бұзудан болады, өйткені АПВ тырнақ астында ұзақ уақыт сақталуы мүмкін, содан кейін адам инфекцияны тасып, өзіне-өзі жұқтыруы мүмкін, бірақ көбінесе инфекция жыныстық жолмен жұғады. Жатыр мойны обыры 80% АПВ тудырады. Бұл аурумен көбінесе әйелдер ауырады, бірақ АПВ ерлер мен балалар үшін де қауіпті, бәрі иммундық жүйеге байланысты, егер иммунитет күшті болса, онда ол вирусты өздігінен оңай жеңе алады және бірнеше жыл ішінде оны денеден "ығыстырып шығарады".

Бірақ сонымен қатар қайта жұқтыруы немесе басқа штамммен ауруы мүмкін.

**Gardasil вакцинасы** адам папилломасы вирусымен (АПВ) инфекцияның алдын алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Gardasil-қатерлі ісік пен сүйелдің дамуымен байланысты адам папилломасы вирусының (АПВ) кейбір түрлерімен инфекцияның алдын алуға арналған вакцина.

Бұл вакцина алғаш рет 2006 жылы нарыққа шығарылды және АПВ инфекциясының алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

**Gardasil вакцинасының құрамы мен әсері**

Gardasil вакцинасы адам папилломасы вирусының төрт негізгі түрінен қорғайды:

АПВ-16 және АПВ-18: вирустың бұл екі түрі жатыр мойны мен аногенитальды аймақтардың қатерлі ісіктерінің шамамен 70%, сондай-ақ тамақ ісіктерінің көпшілігіне әкеледі.

АПВ-6 және АПВ-11: вирустың бұл екі түрі жыныстық сүйел жағдайларының шамамен 90% - за жауап береді.

АПВ жұқтыру қаупін барынша азайту үшін жыныстық белсенділік басталғанға дейін вакцинацияны бастаған жөн.

Қосымша құрамында: Натрия хлорид,L-гистидин, полисорбат 80,натрия борат,вода для инъекции.

3. Тиімділігі: Gardasil вакцинасы АПВ инфекциясының және онымен байланысты аурулардың алдын алуда тиімді екенін дәлелдеді.

Ол сондай-ақ вирустардың бірін жұқтырған адамдарда да АПВ тудыратын аурулардың деңгейін төмендетуде тиімді екенін көрсетті.

Gardasil вакцинасы адам папилломавирусымен және онымен байланысты аурулармен инфекцияның алдын алудың күшті құралы болып табылады. Тұрақты вакцинация жатыр мойны, анус, тамақ, жыныс құрттары және АПВ-мен байланысты басқа аурулардың даму қаупін азайтады. Егер сізде АПВ вакцинациясы туралы сұрақтарыңыз болса, оларды дәрігермен талқылау маңызды.

Республика бойынша вакциналау науқаны бір уақытта басталады. Қазір біздің алдымызда жыл соңына дейін медицина қызметкерлерін дайындау, қоғамға толық ақпарат беру міндеті тұр. 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап, яғни қыркүйек айынан бастап қыз балаларды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцина Ұлттық екпе күнтізбесіне енгізілді, яғни жыл сайын жоспарды түрде жасалады, вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға содан кейін 6 айдан кейін ревакцинациялау ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі.

Бұл жас мөлшері ДДҰ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес таңдалған, өйткені тұрақты иммунитет қалыптасқан кезде, яғни 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімдірек болады.

**Жұлдыз МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ,**
**Ойыл аудандық ауруханасының дәрігер эпидемиологі**

## ШЕГЕ



Әкем қора жөндеу кезінде тақтайлардан ескі шегелерді жұлғызып, соны түзеттіріп қоятын. Негізі шелегімен су жаңа шегелер болады, оны нағыз шеге түгесілгенде болмаса пайдаланбайды. Жаңа шегені пайдалануға болмайды. Оның сырын ең соңынан айтам. Не керек әкемнің тапсырмасы солай, мен қораны жөндеуге шегенің тек ескісін түзетуім керек. Жаңасы бар ғой деп әкеме қарсы ауыз ашуыма болмайды. Тіпті ондай ой басыма келіп тұрса да оны ұмытуға тырысам. Әке айтты - ол заң! Басқалай болуы мүмкін емес! Әке біледі, бала оны тыңдауы керек. Бітті шаруа. Содан бір көлеңкеге отырып алып, балғам мен төсімді алып, қисық шегелерді түзеп тықылдатам келіп. Майысық шеге, соның ішінде қисықтың қисығы болған қыңыр шегесі құрғырыңды көп-ақ, түзету қиынның қиыны, өзі өмірі бітпейді. Клубтағы үнді мен соғыс кинодан қалғаным аздай, ойыннан да қағылдым. Бел болса үзілердей талады. Мұрнымды қорсылдатып тартып қойып, не жеңіме сүйкей салып, әкемнің тапсырмасымен отырам. Сөйтіп шеге түзейміз деп жүргенде саусағымызды да балғамен оңдырмай соғып алып, ақ тырнағымызды көгертіп қоямыз. Өзімді өзім ұрып, оны қисық шегеден көремін. Әкем ұрысады. "Байқамайсың ба? Көзің қайда?" Балғаның ызасы өтіп тұрғанда әкеңнен ұрыс есту одан да өткен ауыр соққы. Келесіде мұқият боласың. Содан сол түзеткен шегелерді іске жаратамыз ғой. Бірақ бір майысқан дүние сол тұсынан тағы да майысады екен. Оны көріп, "Сен бала дұрыс ұра алмайсың, міне былай соғады" деп әкем балғаны менің қолымнан алып жіберіп, небір қиқа-жиқа, майысқалы тұрған шегенің өзін су жаңа шегедей ағашқа оп-оңай қаға салады. Сонда мен ойлайтынмын "Әкемнен темірге шейін қорқады екен" деп. Тақтай қатты болып, шеге кірмей жатса, сол араға түкіре қояды сәл, сосын әлгі шегенің шекесінен періп-періп жібергенде тоңмайға сұққан балқасықтай сіңіп жүре береді. Ал соқаға шұңқыр қазғанда да жер тасты болып, күрек өтпей зықыңды шығаратыны бар емес пе, сондайда әкем қолына күрек алса, бітті қара жер жібіп береді. Тас па, тоң ба, бәрібір, қопарылып түседі. Алақанына түкіріп жіберіп, "Әп" деп кірiскенде маған әкем Қап тауын қақыратып тесіп шығардай сондай алып күш иесі болып көрінеді. Менің әкемді көрсе көшедегі кез-келген қабаған иттің үні өшеді.

Сүзеген өгіз басын тұқыртып, кейін шегінеді. Соның бәрін көріп өскен соң ба, әкемді асқар тауға, тау көтерген Толағайдай алыпқа баладым. Тіпті ол өмірі аурмайды, ауырса да бәрін жеңіп шығады деп ойлаппын. Ол болса, "Ер арыса аруақ" деген жүдеп бітіпті дерттен, мен студентпін, үйге бір барғанда суға шомылдырғам, әлгі батыр, алып адам жеп-жеңіл екен, балам құсатып әкемді құшағыма алып оп-оңай көтеріп, төсегіне апарып салдым. Тау көтерген алпамса алыпты менің бұлай көтергенімнің өзі қалай деп ештеңені ұға алар емеспін.

Әкемнің мойнына мініп, арқасынан түспей ат қып ойнаған мен, жұмған жұдырығының ішіндегі кәмпитті алам деп ақ тер, көк тер болатын, төрт саусағын өзі ашып, біреуі қалғанда соған өлім жетпей титықтап, жыларман болатын мен енді келіп әкемді бала құсатып көтеріп алыппын? Әкем бойындағы бүкіл күш-қуатын маған бере салған ба сонда? Содан соң оңаша қалғанда егілдім, еңіредім, еңкілдеп жыладым. Әкем сал болып жүре алмай қалғасын, қоларба әпердік. Сол арбаға бір-ақ рет отырып, "Мені аулаға шығарыңдар" депті. Ауланы, үй айналасын және қораны қарап шығыпты. Бәрінің орын-орында екенін көріп, "Осы тазалықты ұстап тұрыңдар!" депті. Әкем әрқашан әрбір аспаптың, құрал-жабдықтың өз орнында болғанын қалайтын. Бір нәрсені қозғап қойсаң, бірден біледі. Әкем тәртіпті сүйді, бірақ бұл ол кісінің әсіре тәртіпшілдігі еместұғын, тазалыққа аса мән беретіндігінің салдары деп түйген жөн. Себебі, өтірік айтуды білмейтін сондай жаны таза жан болатын. Көршіміз Қанатқали ағаның кішкентай ұл баласы ойнап жүріп, біздің қой қораға кіріп кетіп, бір қошақанға қолын тигізген екен, соны көрген әкем сол қозыны көршімнің баласына атадым деп, сол бойда ұстатып жіберген ғой. Ақсуаттан бір ағамыз келген, жас оттасы, көтерілсін деп, он саулықты бере қойғаны да менің көз алдымда. Қарыз сұрағандарға өзінде артық ақша болса да болмаса да береді және сол кісілердің кім екенін артынан ұмытып қалады. Сол ауру бізге көшіпті, қызық-ай. Менің әкем кеңес заманының тәрбиесімен өссе де, Құдайды таныды, дұға қылды, Аллаға сенімі болды. Құран сүрелерін жатқа білді. Әкем намаз оқымаса да әр жұмысын Аллаға сиынбай бастамайтыны есімде.

Бүгін ойға шомып отырғаным, біз де бір сол әкелердің қолынан шыққан шегеміз ғой. Майыссақ та қисайсақ та түзетті. Мінімізді үзбей күзетті. "Қызға қырық үйден тыйым" десе, ұлға одан да бетер ме деп ойлаймын, асылы ұлға қырық рудан тыйым болуы керек. Иә, әкенің, азаматтың қамқорлығы, ақылы, өмір өнегесі балаға қашанда азық, онсыз болмайды, онсыз елдің ертеңі бұлыңғыр. Әкелеріңізді ренжітпеңіздер. Өздерің де әке болғанда "Ата-ананың қадірін түсінесің", соған шейін де іштей әзірленгенге, дайын болғанға Құдайым молынан игілігін нәсіп етеді. Ұл баланы ер азамат болуға, ал ерді әке болуға тәрбиелемей қазақ қоғамы кім көрінгеннің жетегінде кетеді. Айтпақшы, әкемнің қисық шегені түзетіп, оны пайдаланудағы ақылы мынаған келіп тіреледі, ол бізге айтатын: "Ескі шеге ыстық-суыққа сыналған, шыныққан. Оны қақсаң өзінің татымен-ақ тұтып қалады, бос болмайды, мықты ұстайды. Ал су жаңа шеге ол жылтырап тұрады, сәл жел соқса суырылып кетеді, сөйтіп соқаң босап, қабырғаң құлап қалады" деп. Су жаңа шеге жауын-шашынды, аяз-боранды, аптап ыстықты көрмеген ғой, сол себепті қораны желден қорғай алмайды, ескі, тәжірибелі шеге қанша майысса да түзетуін тапса, кәдеге жаратсаң, тұтас қабырғаны жалғыз өзі ұстап тұрады, яғни бұл шеге біз сияқты. Жас бала, жас жігіт ақылы толыспаса ел мен жерге ие бола алмайды, сәл қиындыққа шыдас мінез көрсетуге жарамайды, ал оның қасында әкелер болуы қажет, сонда ғана "Әке көрген оқ жонады", "Әкелі бала - жаужүрек, Әкесіз бала - сужүрек" дейтініміз содан. Мен өзімнің марқұм әкемді есіме алған сайын, балаларыма нені айтуды, нені үйретуді анық білем, жерден тот басқан қисық шеге көрсем, көзіме жас үйіріледі... Ол шегені түзететін бұл елде бала қалмаған ба, түзеттіретін әкелер қайда деп қайғырам... "Әке балаға сыншы", қисық шеге жерде жатпасын.

**Мұнайдар БАЛМОЛДА**